ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 10 қараша №3115-23-00-2/2376 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.С.Сәрсенбиева қойылған талап қою бойынша азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Жамбыл облысы әкімі аппаратының шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Alau» Сапа Өмірзақ Байзақұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАП АРЫЗЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Айыппұл өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 272, 293 баптарын, Қазақстан Республикасының Азаматтық Процестік Кодексінің 117, 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Жамбыл облысы әкімі аппаратының шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Alau» Сапа Өмірзақ Байзақұлын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және айыппұл өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Alau» Сапа Өмірзақ Байзақұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Alau» Сапа Өмірзақ Байзақұлынан мемлекет пайдасына 894 (сегіз жүз тоқсан төрт) теңге айыппұл және 1 725 (бір мың жеті жүз елу екі) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес

жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.С.Сәрсенбиева

Шешім 10 қараша 2023 жылы шығарылды.

Судья Б.С.Сәрсенбиева

Құжатқа қол қойылған: Сарсенбиева Б. С., 10.11.2023

Заңды күшіне енген күні: 21.12.2023, судья Сарсенбиева Б. С., 22.12.2023

3115-23-3-1/2746